

Сарыағаш қаласында ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУ

Бүгін Сарыағаш қаласының тұрғындарымен кездесу болып өтті.

Жиынға аудан әкімі М.Отаршиев, аудандық мәслихат хатшысының міндетін уақытша атқарушы Ш.Ибрагимов, ауданның дербес бөлім басшылары, ауыл билері, жергілікті қоғамдастық мүшелері, қала тұрғындары және жергілікті полиция инспекторлары қатысты.

Кездесу барысында аудан әкімі М.Отаршиев Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағдарының негізгі бағыттары туралы тоқталып, одан соң Сарыағаш ауданында атқарылған жұмыстар жөнінде баяндады.

Аудандық мәслихат хатшысының міндетін уақытша атқарушы Ш.Ибрагимов қала тұрғындарына «Сарыағаш аудандық мәслихатының атқарған жұмысы, оның тұрақты комиссияларының қызметі туралы» баяндама жасап, атқарылған жұмыстарға толығымен тоқталып, сонымен қатар аудандық мәслихат депутаттарының өз тараптарынан демеушілік есебінен атқарып жатқан жұмыстарымен де таныстырды. Жергілікті атқарушы орган және аудандық мәслихат алдағы уақытта да бірлесе отырып жұмыс істесек ауданымыз одан әрі дамитындығына сенімін білдірді.

Кездесуден кейін қала тұрғындарын жеке өтініші бойынша арнайы қабылдап, заң аясында жауап берілді. Қала әкімі мен тиісті мекеме басшыларына өтінішттерді назарға алып, заңға сәйкес оң шешуді тапсырды.